

ҚАЗАҚСТАН 10'2008 ҚАЗАН
ISSN 0234-3599

әуелері



Қазақтың
тұңғыш маман
теміржолшы
қыздарының бірі –
Рысты ХАСЕНОВА

БІЛІМ-ОҚУЛЫҚ САПАСЫНА

Р.Әміртаева
шәкірттермен бірге



Казіргі заман мектебі тұлғаның жеке дара психофизиологиялық және интелектуалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамытуды камтамасыз ететін оқыту үлгісін іздеу үстінде. Жалпы білім беретін мектептеріміз он еki жылдық жүйеге жаппай көшे бастады. Бұл ретте айрықша ескерілетін мәселеге тоқталайык.

Атамыш жүйені іске асыру барысында алдымызға алты жасар бала келеді, яғни ол – ойын баласы. Ойын – мектепке дейінгі бала әрекетінің негізгі түрі және тәрбиенің шешуші шарты болып табылады. Баланың таным-түйсігі, іс-әрекеті, сезінуі, жеке тұлға ретіндегі бітім-болмысы ойын үстінде дамиды. Ойындағы жетістіктер жүйелі білім алу мүмкіндігі барысында да, жас ерекшелігі барысында да, бала психикасына ықпал етеді. Құрделі өзгеріске үшырайтынын ескерсек, койылатын талаптың өзгеретін де даусыз. Білім негізі баставуышта каландады. Егемендігімізді алғаннан бері шыққан (1997 ж. «Атамұра» баспасы) төл оқулыктарымыз бен он еki жылдық оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген жана оқулыктардың айырмашылығы мен өзгешелігі баршылық.

Оқулық дайындау онай шаруа

емес. Белгілі бір жүйемен аткарылуы тиіс бол жұмыс барысында да, оқытуудын негізгі тұжырымдамасы мен бағдарламасын жасау барысында да жеке тұлғаның жас ерекшеліктері мен кабілеті ескерілуі тиіс. Пәнге байланысты оқу-әдістемелік кешендер мен оның бағыттарын анықтау үшін белгілі бір үстанымдарды басшылыққа алуға тұра келеді. Жеке тұлғаға бағытталған білім жүйесінде окушы «субъект, ретіндегі қабылданатын болғандықтан, әрбір окушының мүмкіндігі мен ерекшелігі ескеріліп, дамуына жағдай жасалады.

1997 жылғы он бір жылдық орта білім берудін мемлекеттік стандартына сәйкес оқу жүйесіндегі оқулықтар мен он еki жылдық жүйедегі оқытуда пәндік атаулардың өзгешелігі мен үстанымдарындағы жер мен көктей айырмашылық бірден көзге түседі. Салыстырып, саралар болсақ, түйіндер ой төмендегідей.

Он бір жылдық білім жүйесіндегі 1-сыныпта оқытулатын қазақ тілі пәнін алайық. Қазақ тілі пәні «Әліппе» және «Ана тілі» оқулықтары арқылы ашылады. Мұндағы «Әліппе» оқулығының мазмұны: а) әліппеге дейінгі; ә) әліппе кезені; б) әліппеден кейінгі кезендерді камтиды. Ал «Ана тілі»

окулығы біздін заманымызда кездеспеген (Ж. Аймауытовтын «Комплекспен оқыту жолдары» енбегінің негізінде жасалынған) оқу материалдары мен грамматикалық материалдардың арасындағы жүйелі байланыс арқылы кіркітілген пән.

Он еki жылдық оқу жүйесінде 1-сыныпта сауат ашу пәні: әліппе және оқу кітабы оқулықтары арқылы негізделген. Әліппе оқулығының

ә) әліппе кезені, ал оқу кітабы: әліппеден кейінгі кезенде камтиды. Әліппеге дейінгі кезенде ауызекі сөйлеу, сөз, сөйлем, дыбыс, олардың шартты белгілері таныстырылады. Баланың сөздік корын дамыту, белгілі сұралқа тиянакты жауп беру, грамматикалық тұлғада жүйелі сөйлеуге дағылданыру, яғни сөйлеу мәдениетін қалыптастыру міндеттері жүзеге асырылады. Ал әліппе кезенінде әріп таңбасы мен дыбысталуы, буын, буындан оқуға жаттықтыру жұмыстары жүргізіледі. А. Байтұрсыновтың «Әліп би» казак балаларына арналған әліппедегі буындан тұтас оқу, сөзден сөз тындану арқылы сауатты жазуға, оқуға үрету, сөзбен, сойлеммен жұмыс жүргізу мақсатына негізделген.

Оқу кітабындағы әліппеден кейінгі кезенде дыбыс пен әріп, буын, тасымал, сөз, сөйлем түрлері, мәтін туралы түсінкітер тәжірибелік жолмен түсіндіріліп берілген. Бұл оқу кітабында да кіркітілген кешенде үстанымдар басшылыққа алынып, оқу мен грамматикалық материалдар кіркітірле карастырылған.

Сауат ашу пәні 2-сыныптан бастап әдебиеттік оқу және казак тілімен жалғастырылады. Кай оқыту жүйесінде болмасын (он бір немесе

ТАУЕЛДА!

он екі жылдық) әдебиеттік оку пәннін білім беру үрдісіндегі мазмұны мен мақсаттарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, берілген материалдар көлемінің сәйкестігі окушының жас ерекшелігіне карай ескерілген. Мәтін көлемінің шағындығы, тақырыптың көркемдігі, тәрбиелілігі, ғылыми үстанымдарды басшылыққа алуға талпыныс жасалып, ескерілген. Оқулыктың баланың тіліне түсініктілігі, нақтылығы, өміршендігі, ойларын пайымдай алуға колайлылығы секілді мәселелердің де назардан тыс қалмауын қадагалауга талпыныс жасалған.

Казіргі мектеп окушылары бұған дейін «Мектеп», «Рауан», «Атамұра», «Алматы кітап» баспаларынан шығарылған оку құралдарын пайдаланып келді. Бұған дейінгі бастауыш сынып оқулыктарындағы мәтіндердің ұзактығы, тіпті кейбірінің I-II бөлімнен түрү үлкен қындық туғызып келгендігі белгілі. Бастауыш сыныпта жоғарғы сынып окушылары зорға түсінетін Абай және басқа да классиктеріміздің өлеңдерін бергенде, авторлардың нендей мақсат үстанғаны ұстаздарға түсініксіз болып келген еді. Қыскасы, бастауыш сыныптарды былай қойып, 5-8 сынып әдебиеті оқулыктарына шығармаларды енгізгенде окушылардың жас ерекшелігі ескерілмеген. Мұндай ұзак әрі құрделі мәтіндерді балалар бірден қабылдап түсіне алмайды. Ал 6-сыныптағы «Қазақ тілі» оқулығындағы жаттығулардың 7-сыныпта қайталануы немесе бір тақырыпқа көлемі тым үлкен 4-5 жаттығудың берілуі авторлардың колға алған іске жауапсыз қараудар едік.

Міне, осындаі кемшіліктер жалпы білім беретін он екі жылдық мектептін аты да, заты да, сырт пішіні де өзгерген оқулыктарын шығару барысында ескерілгені қонілінді орнықтырады. Мәселен, 3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығында («Атамұра» баспасы, 2005 ж.) нақтылық пен жүйелілікке

айрықша назар аударылған.

Жаттығулардың көлемі окушыны жалықтырмайтындағы қыска, ен бастысы, окушының өздігінен жұмыс істеуіне баса назар аударылған. Сол секілді 2004 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 1-сыныпқа арналған «Оку кітабы» жайында да осындаі пікір айтуда болады. Сөз орайы келгенде оқулыктарға үштөрт жылда бір сараптама жасалып, оқулыктардағы мәтіндердің стилистикалық сапасына мән беріп, диалектикалық сөздердің жөнсіз орын алуына жол берменен жөн. Айталық, 1-сыныпқа арналған оку кітабының («Атамұра» баспасы 2004 ж.) 51-ші бетінде Қазақстан Республикасының Әннуранның есқі мәтіні берілген. Міне, осы оқулық, казіргі уақыттың байлау жылдарынан үш жылдан кейін де мектеп оқушысының қоюна түсे қалса, ынғайсыз жағдай қалыптаспай ма?

«Көш жүре түзеледі» демекші, оқулыктың дайындау мен басылуу кезеңінде авторлардың жіберген олқылықтары жыл сайын ғылым және білім министрлігінің назарына алынып, «Оқулық» орталығындағы сараптау бөлімінде қайта қаралып, тәжірибелі ұстаздардың ой-пікірлері ескеріліп, оқулыктар толықтырылып, өндөлу үстінде.

«Елдін елдігін сактайдын - әдебиеті, тарихы, жол-жоралғысы», - дейді өзінің бір сөзінде

М.Жұмабаев. Бала Отан, тұған жер, атамекен, ел тарихы, салт-

дәстүр, әдет-ғұрпы

туралы алғашқы мағлұмattарды осы

пәндерден алады.

Бабаларымыздың бізге мұра етіп калдырган асыл

құндылықтарды бала бойына сініре білу мұғалімнің

алдындағы басты мақсат. Оқулық

материалдарын түсіндіру

барысында оқытуын жана

технологияларын

ұтымды пайдалана біліп, іске асырып,

үйимдастыруыш да

мұғалім.

«Мұғалім балалармен істес болады: егер олар

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП – ТІРЕГІМІЗ

бір нәрсени түсінбесе шәкірттердің кінәламай, оларға дұрыс түсіндіре алмағаны үшін өзін-өзі кінәлауы керек, - дейді ағартушы І.

Алтынсарин. Бүтінгі танда кәсіби міндеттін мұғалімнің барлығы бірдей атқара алмайтындығы тәжірибеден көрініс табуда. Оқулыктың құрылымын, мазмұнын, оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін терең түсініп менгеретіндей, теория мен тәжірибелі ұштастыра білетін кабілет әр мұғалімнің бойынан табыла бермейді. Соңғы кезде мұғалімдік мамандыққа, өсіресе, бастауыш сынып мұғалімдігіне кездесік оқытушылар келгендер көбейіп кетті. Бастауыш сыныпта барлық ғылымның әліппесі оқытылып, негізі қаланатындықтан мұғалім жан-жақты болуы керек. Мұғалім мен шәкірт арасында берік шығармашылық байланыс, сенім мен түсіністік орнату арқылы жоғары ой жетістігіне кол жеткізуге болады. Кез келген ғылым-білім түрін терендете оқыту нақтылап айтсак, 2-сыныптан басталғаны азбал. Өйткені баланың қабылдау касиеті төмәндемей тұрганда, берілер білім мазмұнын терендептүр кәжет. Бұл жаста баланың айтқанды қабылдау, білімді игеру қабілеттерінің жоғары болатынын өз тәжірибемнен білемін.

Рысалды ӘМИРТАЕВА,

Астана қаласындағы №4 мектеп-

гимназияның жоғары санатты

бастауыш сынып мұғалімі, КР Білім

берау ісінің үздігі.

